

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

Қалеш Аслан Ғаділшеұлы

«BAZIS-A» компаниясының жұмысшыларына әсер ететін зиянды және қауіпті факторларды төмендету іс - шараларын дайындау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Мамандығы 5B073100- Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Химиялық және
биохимиялық инженерия
кафедрасының
меңгерушісі хим.ғыл.д-ры,
профессор
Елигбаева Г.Ж.
« ____ » _____ 2020ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «BAZIS-A» компаниясының жұмысшыларына әсер ететін зиянды және қауіпті факторларды төмендету іс - шараларын дайындау

Мамандығы 5B073100- Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

Орындаған

Қалеш.А.Ғ.



Ғылыми жетекші
лектор

Ж.Б.Абдрахманова
«22» мамыр 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Химиялық және
биохимиялық инженерия
кафедрасының меңгерушісі
хим.ғыл.д-ры, профессор

Елигбаева Г.Ж.

«___» _____ 2020ж

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Қалеш Аслан Ғаділшеұлы

Тақырыбы: «BAZIS-A» компаниясының жұмысшыларына әсер ететін зиянды және қауіпті факторларды төмендету іс - шараларын дайындау

Университет ректорының <<27>> қаңтар 2020жыл № 762-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі <<18>> мамыр 2020ж

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: нормативтік құжаттар және өндірістік практика және еңбек қорғау заңнамалары.

Дипломдық жұмыста қарастырылған мәселелер тізімі:

а) мекеме туралы қысқаша мағлұматтар

б) өндіріс ішіндегі қауіпті және зиянды факторларды жинақтау және саралау

в) қауіпті және зиянды факторлардың алдын-алу және мекемедегі жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдары

д) өндірістегі өрт қаупі туралы мәлімет және алдыналу іс-шаралары


Графикалық материалдардың тізімі міндетті түрде сызбалардың саны көрсетілген сызбалық материалдар тізімі: 20

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер тізімі: 10

Дипломдық жұмысты дайындау
ГРАФИГІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебиттерге шолу	7.03.2020	жоқ
Мекемедегі қауіпті және зиянды факторлар	14.03.2020	жоқ
Қауіпті және зиянды факторлардың алдын алу іс-шаралары.	23.03.2020	жоқ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші мен кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Тақырып бойынша өндіріс орнының сипаттамасы	Ж.Б. Абдрахманова, лектор	21.02.2020	
Өндіріс ішіндегі қауіпті және зиянды факторларды табу және алдын алу шаралары	Ж.Б. Абдрахманова, лектор	3.03.2020	
Өндірістегі жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдары мен шудан қорғану жолдары.	Ж.Б. Абдрахманова, лектор	14.03.2020	
Өндірістегі өрттің пайда болу қаупі және алдын алу шаралары.	Ж.Б. Абдрахманова, лектор	15.04.2020	
Норма бақылаушы	Ж.Б. Абдрахманова, лектор	16.05.2020	

Ғылыми жетекші

 Ж.Б. Абдрахманова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 А.Ф.Қалеш

Күні

«18» мамыр 2019ж.

АНДАТПА

Менің дипломдық жұмысымның негізгі тақырыбы: «Базис А» ЖШС жұмысшыларына әсер ететін зиянды және қауіпті факторларды төмендету іс-шараларын жасау. Дипломдық жұмыстың мақсаты Базис мекемесіндегі зиянды және қауіпті факторларды төмендету.

Осы мақсатта келесідей іс-шаралар жүргізілді:

Мекемедегі қауіпті және зиянды факторларды жинақтау және оның алдын-алу жолдары туралы баяндалады.

Жазатайым оқиғалар мен еңбек ауырлығының категориясын анықтау.

Жеке қорғаныс құралдары мен өрт болған кездегі жылдам алдын-алу жолдары туралы баяндалады.

АННОТАЦИЯ

Основная тема моей дипломной работы: «Базис А» разработка мероприятий по снижению вредных и опасных факторов воздействия на работников ТОО. Целью дипломной работы является снижение вредных и опасных факторов в базисных учреждениях.

В этих целях проведены следующие мероприятия:

Докладывается о накоплении и путях предупреждения опасных и вредных факторов в учреждении.

Определение категории тяжести несчастного случая и труда.

Докладывается о средствах индивидуальной защиты и способах быстрого предупреждения при возникновении пожара.

ANNOTATION

The main topic of my thesis: «Базис А» development of measures to reduce harmful and dangerous factors of influence on employees of LLP. The purpose of the thesis is to reduce harmful and dangerous factors in basic institutions.

To this end, the following activities have been carried out:

Reports on the accumulation and ways to prevent dangerous and harmful factors in the institution.

The definition of the category of severity of an accident and work.

Reports on personal protective equipment and methods of rapid warning in the event of a fire.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 . «Базис А» құрылыс компаниясы туралы мағлұмат.	8
1.1. «Базис А» компаниясының міндеттері және тұрғын үй объектілері.	8
1.2. «Базис А» компания қызметкерлеріне нұсқаулықтармен таныстыру және жұмыс алаңына нұсқаулықтар іліп қою.	10
2. Құрылыс компаниясындағы қауіпті және зиянды факторлар және оларды жинақтау жұмыстары.	14
2.1.Өндіріс қызметкерлеріне арнайы санитарлық-гигиеналық жұмыстары.	16
3. «Базис А» компаниясының жұмысшыларының жұмыс режимі .	17
3.1.Өндірістегі еңбек ауырлығының категориясын анықтау	18
3.2. «Базис А» компаниясының өнеркәсіптік жарақаттануын талдау мен жарақаттандыруды төмендету және болдырмау шаралары.	21
4. «Базис А» компаниясындағы жеке қорғаныс құралдары	24
5.Жұмыс алаңындағы құрылғыларды пайда болған шудан қорғану іс-шаралары .	27
6. «Базис А» өндірісіндегі өрт қауіпсіздігі.	29
6.1.Өндірістегі өрттің алдын алу мен өрт сөдірудегі жаңа технология.	30
Қорытынды	31
Пайданылған әдебиеттер тізімі	32
Қосымша А	32
Қосымша Б	34

КІРІСПЕ

Дипломдық жұмыстың тақырыбы: «Базис А» ЖШС жұмысшыларына әсер ететін зиянды және қауіпті факторларды төмендету іс-шараларын жасау. Мекеме ішіндегі және жұмыс алаңындағы жұмысшыларға нұсқаулықтармен таныстыру және қауіпті және зиянды факторларды болдырмау.

Қазіргі кезде құрылыс компаниясы күннен күнге көбейіп келе жатыр, сондай ірі компаниялардың бірі «Базис А» компаниясы болып табылады. Компанияда көптеген қауіпті және зиянды факторлары көптеп кездеседі, сол факторлардың алдын-алу шараларын ұйымдастыру, қауіпті және зиянды факторларды саралау және жинақтау жұмыстарын жүргізу.

Компания ішіндегі жағдайлар және жұмыс алаңдарын жақсарту жөнінде, еңбек тиімділігін көтеру, жұмыскерлердің кәсіби денсаулығына аса маңызды көңіл бөліну керек. «Базис А» компания ауырлық дәрежесі жоғары және ауыр өнеркәсіп саласындағы жұмысы жоғары тәуекелмен жұмыс істейтін жұмысшыларға көңіл бөлінуі керек.

Дипломдық жұмыстың негізгі міндеті қауіпті және зиянды факторларды азайту, ол үшін арнайы жаңа технологиялармен жабдықтау, өндірістегі зиянды факторларды оқшаулайтын арнайы құрылғылар бекіту, ШРД-дан асып кетпеуіп қадағалау, биіктікпен жұмыс істеген уақыттағы талаптарын және т.б. мекеме талаптарын орындау. Осы жағдайлар орындалса қауіпті және зиянды факторларды азайтуға болады.

Дипломдық жұмысымда «Базис А» компаниясындағы қауіпті және зиянды факторларды талдап және жинақтау жұмыстарын жүргізіп қорытынды жасап алдын-алу іс шараларын жүргіздік және жазатайым оқиғалардың болу себептерін қарастырдық.

1 . << Базис А >> құрылыс компаниясы туралы мағлұмат.

Қазіргі кезде Қазақстандағы ірі құрылыс компанияларының саны өте көп, құрылыс компанияларындағы жазатайым оқиғалар саны көбейіп келе жатыр сол құрылыс компаниялардағы қауіпті және зиянды факторларды азайту іс – шараларын ұйымдастыру керек, сондай ауқымды өнеркәсіптердің бірі «Базис А» құрылыс компаниясы Қазақстандағы беделді компаниялардың бірі болып табылады. Қазақстанда 1991жылдан бастап құрылыс жұмыстарын жүргізіп келе жатыр, қазіргі сәтке дейін 29 жылдың ішінде 15 500000 м² астам тұрғын үй және әкімшілік ғимараттар, 3 000 000 м² астам әлеуметтік және инфрақұрлымдық мақсаттағы объектілер тұрғызылды, жүздеген автомобиль және темір жолдар салынды. Мекеменің өзінің бизнес-бағыттарымен және құрылыс-монтаж жұмыстарының негізгі құрылысы.

Компания өзінің қызметтерін бірнеше бизнес-бағыттарда жүргізеді:

- Инвестициялар және девелопмент;
- Жобалау және құрылыс;
- Құрылыс материалдарын өндіру;
- Құрылыс жабдықтарын жалға беру;
- Тұрғын және әкімшілік ғимараттарды пайдалану.

«Базис А» компаниясының ғимараттарды салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының толық кешені, оның ішінде:

1. Тұрғын үй құрылысы;
2. Әкімшілік ғимараттардың құрылысы;
3. Инфрақұрлымыдық және өнеркәсіптік құрылыс;
4. Жол құрылысы.

Қазіргі таңда компанияда 82000-нан астам білікті мамандар жұмыс істейді, компания салған тұрғын үйлерде 100000 адам жұмыс істейді, 780000 тұрғын үйлерде тұрады.

«Базис А» компаниясы халықаралық дәрежесі бар компания. Компания өз ғимараттарын Қазақстанда ғана емес шет елдерде де салып жатыр соның ішінде: Өзбекстанда, Ресей және Канада да салып жатыр.

1.1. «Базис А» компаниясының міндеттері және тұрғын үй объектілері.

«Базис А» компаниясының негізгі міндетіне түрлі мақсаттағы ғимараттар мен кеңселер салу болып табылады. Қызмет жылдары компания жалпы ауданы 15 500000 м² болатын жүздеген объектілерді салды.

Сапалы ғимараттармен қамту және көптеген қызметкерлерді мамандығы бойынша жұмыспен қамтамасыз ету. Компания құрылыс мамандарын дайындайтын колледждермен серіктесе отырып білікті мамандарды шығарып, дипломын алғаннан кейін жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыскерлерге жақсы жағдай жасауда компанияның міндеттерінің бірі.

«Базис А» компаниясының салынып жатқан объектілерді қазіргі заманғы жабдықта өндірілетін және әлемдік стандарттарға сәйкес келетін өз құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету міндетін шешуде. Қазіргі таңда өндірістік база әр түрлі маркалы бетон, және сплиттерлік қалқалар, тротуарлық плиткалар, гипс, әк, керамзит, бетон жұмыстарына арналған қабырғалық қорама, жылублоктар, гипсокартон, витраждар және әрлеу материалдары шығаратын зауыттар мен фабрикалардан тұрады.

Компания құрылыс материалдарын өндіру зауыттары өндірісте келесі мемлекеттердің Besser (АҚШ), DRYVIT (АҚШ), Werhrahm (Германия), HESS Maschinenfabrik GmbH (Германия), SCHINDLER (Германия), Alfa-Platre (Франция), STORK (Голландия), "Евро-век – TERMA" (Словения) сияқты жетекші әлемдік компаниялардың технологиялары мен жабдықтарын пайдаланады.

Тұрғын үй саларда қойылатын талаптары ең бірінші жұмысшының қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, сапалы және сенімді тұрғын үйлер салу.

«Базис А» компаниясының объектілерінің бірі Алмалы ауданында, Абай даңғ.мен Манас көш. қиылысында орналасқан Легенда тұрғын үйлері. 2019 жылы осы жерде өндірістік практика өткен болатынын.[1]



1 Сурет – Базис компаниясының ірі объектілерінің біріндегі өндірістік практика өткен жерім.

1.2. «Базис А» компания қызметкерлеріне нұсқаулықтармен таныстыру және жұмыс алаңына нұсқаулықтар іліп қою.

Мекемедегі жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмысшылар нұсқаулықтарды білуі тиіс. Әр нұсқаулықтың қандай мақсатта қолданылатынын және уақытын білу керек. Нұсқаулықты мекеме ішіндеде жұмыс алаңында орналастырған жөн. Нұсқаулықтарды әрдайым жадында сақтап жүру керек нұсқаулықтарды бұзған жағдайда жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.

Нұсқаулықтың 5 түрі бар атап айтсақ:

1. Кіріспе нұсқаулық.
2. Бірінші ретті нұсқаулық.
3. Қайта жүргізу нұсқаулығы.
4. Мақсатты нұсқаулық.
5. Жоспардан тыс.

Компанияға жұмысқа алғашқы рет келгенде кіріспе нұсқаулық жүргізеді 2 сағаттың көлемінде баяндайды, қауіпті және зиянды факторларды айтады және танысқаны жөнінде мәлімдейді.

Жұмыс орнындағы ең алғашқы күні бірінші ретті нұсқаулықпен танысады ол өндірістік қызмет басталғанға дейін жүргізеді:

- ұйымға жаңадан қабылданған қызметкерлер, бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауысқандарға;
- өндірістік қызметкерлерімен орындайтын жаңа ауысымның қызметкерлері;
- құрылысшыларымен орындайтын құрылыс - монтаж жұмыстары объект аумағындағы;
- студенттер мен оқушылардан келген өндірістік оқуға немесе тәжірибеге келген.

Бірінші ретті нұсқаулықтан кейін қайталама нұсқаулығы жүргізіледі 6 айда 1 рет жүргізіліп тұрады. Жұмысшыларға нұсқаулықты қайталап түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Мақсатты нұсқаулық басқа бір жұмысты істеу уақытында және басқа бөлімге жұмыс істеген кезде.

Жоспардан тыс нұсқаулығы жұмыс орындағы жаңадан техникалар әкелінген жағдайда, жазатайым жағдайлар пайда болған жағдайда.

«Базис А» құрылыс компаниясындағы қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың жіктелуі:

1. Шығу тегінің сипаты бойынша.

Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар өзінің шығу тегінің сипаты бойынша:

- өндірістік ортаның материалдық объектілерінің физикалық қасиеттері мен жай-күйінің сипаттамаларынан туындайтын факторлар;

- пайдаланылатын немесе жұмыс аймағындағы заттар мен материалдардың химиялық және физикалық-химиялық қасиеттерінен туындайтын факторлар;
- мінез-құлықтық реакциялар мен тірі ағзаның тіршілік әрекетінің қорғау механизмдерімен (шағу, үрей, улы немесе басқа да қорғаныш заттардың шығуы және т. б.) туындайтын факторлар);
- еңбек қызметін жүзеге асырудың әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-басқару жағдайларынан туындайтын факторлар (жұмысты нашар ұйымдастыру, қауіпсіздік мәдениетінің төмендігі және т. б.);
- психикалық және физиологиялық қасиеттерімен және адам ағзасының және жұмыс істеушінің жеке басының ерекшеліктерімен туындататын факторлар (қызметкердің нашар жағдайы, қызметкердің мас күйіндегі , есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болуы немесе қызметкерлердің назары басқа жаққа аууы және т. б.).

2. Кеңістіктегі іс-әрекеттің сипаты бойынша.

Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар олардың кеңістіктегі әсерінің сипаты бойынша:

1. өзінің пайда болу көзінде тұрақты оқшауланған;
2. қалыпты жағдайлар кезінде оқшауланған, бірақ авариялық жағдайлар кезінде өндірістік орта кеңістігінде ұшатын (қозғалатын, таралатын) ;
3. өндірістік ортада ауа қозғалысымен бірге таралатын (қозғалатын);
4. сәуленің және толқының таратылатын (өтетін) өндірістік ортасы.

Өндірістік ортаның табиғатқа әсері бойынша қауіпті және зиянды өндірістік факторлары олардың жұмыс істейтін адамның ағзасына әсері:

- ❖ физикалық табиғатқа әсер ететін факторлар;
- ❖ химиялық табиғатқа әсер ететін факторлар;
- ❖ әсер ететін биологиялық табиғат факторлары.

1.<< Базис А >> мекемесіндегі физикалық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар.

Жұмысшылардың ағзасына физикалық әсер ету қасиеттеріне байланысты қауіпті және зиянды өндірістік факторлар келесі типтік топтарға бөлінеді:

Механикалық қозғалыстың күштерімен және энергиясымен байланысты, оның ішінде ауырлық өрісінде қауіпті және зиянды өндірістік факторлар:

- жеңіл, яғни қозғалыс динамикасы мен кинематикасын, сондай-ақ адам ағзасының ішкі органдарының механикалық жұмысының сипатын өзгертетін ауырлық күшінің қалыпты мәнінің болмауы;
- шамадан тыс жүктеме, яғни қозғалыс динамикасы мен кинематикасын, сондай-ақ адам ағзасының ішкі органдарының механикалық жұмысының

сипатын өзгертетін ауырлық күшіне қосымша инерциялық күштердің болуы;

- ауырлық күшінің әсерінен жұмыс істеушіге қатты, сұйық объектілердегі заттардың құлауын тудыруы мүмкін жағдайлардағы әсері;
- тірек бетінде тұрған жұмыс істеушінің сол тірек бетіне құлауын тудыруы мүмкін жағдайлардағы ауырлық күшінің әсері;
- жұмыс істеушінің биіктіктен құлауын тудыруы мүмкін жағдайлардағы ауырлық күшінің әсері;

2. «Базис А» мекемесіндегі химиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар.

Жұмыс істейтін адамның организміне химиялық әсер ету қасиеттеріне ие, олар улы газдар, өндірістегі қоқыстардан пайда болатын рекациялардан пайда болғандар, балқыту жұмыстары болған кезде, органикалық және бейорганикалық заттар, адамның денсаулығын күрт нашарлатып жібереді.

«Базис А» өнеркәсібіндегі химиялық заттардың әсер ету жағдайлары: қатты, сұйық тәрізді, ұнтақ тәрізді, бу тәрізді, газ тәрізді, аэрозольдік жағдайларда және т.б.

3.«Базис А» мекемесіндегі биологиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар.

Базис өнеркәсібіндегі жұмыс алаңдарындағы биологиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар: микроорганизмдер, вирустар бактериялар.

Базис өнеркәсібіндегі жұмыс орнынан қалған қалдықтардан пайда болуы мүмкін бактериялардан қорғануын ұйымдастыру.

Биологиялық қауіпті және зиянды факторлардың адам ағзасына әсерінен кейін келесідей аурулардың пайда болу көрсеткіші:

- ✓ өлімге әкелетін жіті аурулар;
- ✓ мүгедектікке әкелетін жіті аурулар;
- ✓ созылмалы аурулар (өндірістікке негізделген және кәсіптік аурулар);

Өндіріс қызметкерлеріне өндіріс ішіндегі арнайы нұсқаулықтар іліп қойып таныстыру жұмыстарын жүргізу керек, ЖКҚ байланысты арнайы нұсқаулықтар және дем алу орындарын белгілеу.



2 Сурет –Құрылыс алаңына шығарда тұратын нұсқаулық, жұмысшылардың жүру ережелері.

Жұмыс аймағына жққ болмаса жіберілмейді, белгіленген өз формаларында жүру керек әр бөлімге өзінің арнайы киімдері тағайындалады әр бөлімге әр түрлі түстегі киімдер. Жұмысшылармен жұмыс аймағында нұсқаулықтарды тағыда баяндайды содан кейін ережені бұзған адамға бірінші ретте ескерту беріледі қайталанған жағдайда айыпқұл жазылып жұмысшының бөлімінің басшысына ескерту беріледі және жұмысшыға рапорт толтырылады.

Өндірістегі кескіш құралдармен жұмыс істеуге оларды қауіпсіз пайдалану ережелері бойынша жұмыс орнында кіріспе нұсқамадан және арнайы нұсқамадан өткен адамдар жіберіледі.

Қызметкер құралдарды қауіпсіз пайдалану ережелерін білуі тиіс. Жарақат қаупі:

- дымқыл қолмен жұмыс істегенде;
- тоғы нашар жалғанған құралдармен жұмыс істегенде;
- ақауы бар құралдармен жұмыс істегенде;
- қауіпсіздік ережелері сақталмаған кезде.

Жеке гигиена мен жұмыс орнының тазалығын сақта



3 Сурет –Өндіріс ішіндегі жұмыс алаңындағы нұсқаулықтар.

2. Құрылыс компаниясындағы қауіпті және зиянды факторлар және оларды жинақтау жұмыстары.

Қазіргі заманғы өндірісдегі қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың пайда болуымен, олардың энергетикалық деңгейінің ұлғаюымен қатар жүреді]. Жалпы өнеркәсіп бойынша байқалып отырған өліммен аяқталған өндірістік жарақаттанудың оң үрдістеріне қарамастан, көптеген жылдар бойы оның

деңгейі айтарлықтай жоғары болып қала береді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажетті шарт болып табылады және кез келген өндіріс қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады, оның ішінде тез тамақтану мекемелері. Сондықтан өндірістік кәсіпорындарда жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу мәселелері өзекті және тұрақты назар аударуды талап етеді.

Еңбек ауырлығы-оның қызметін қамтамасыз ететін тірек-қимыл аппараты мен ағзаның функционалдық жүйелеріне (жүрек-қан тамырлары, тыныс алу және т.б.) басым жүктемені көрсететін еңбек процесінің сипаттамасы. Еңбек ауырлығы физикалық динамикалық жүктемемен, көтерілетін және тасымалданатын жүктің массасымен, статикалық жүктеменің көлемімен, жұмыс қалпының сипатымен, корпустың тереңдігі мен көлбеу жиілігімен, кеңістікте орын ауыстырумен сипатталады. Физикалық еңбек негізінен бұлшық ет күшін және тиісті энергетикалық қамтамасыз етуді талап ететін организмге үлкен жүктемемен сипатталады, сондай-ақ функционалдық жүйелерге (жүрек-тамыр, жүйке-бұлшықет, тыныс алу және т.б.) әсер етеді, алмасу процестерін ынталандырады. Оның негізгі көрсеткіші-ауырлық болып табылады.

Қауіпті өндірістік объектілерді жобалау кезінде өндірістік процеске байланысты қабылданған барлық қауіпті өндірістік факторлар ескерілуі керек, оларды қызметкерге, қоғамға, қоршаған ортаға зиянды әсерден қорғау жөніндегі жобалық шешімдер әзірленуі тиіс.

Құрылыс компаниясында адам ағзасына зиян келтіретін заттар бар олар: шу, шаң, діріл, ауа температурасы, қолайсыз ауа райы және т. б. Жұмысшылардың ауруға шалдығуына әкеп соқтыратын немесе төмендететін себептер зиянды деп есептеледі. [2]

Зиянды себептерге мыналар жатады:

- денсаулыққа қолайсыз метеорологиялық жағдайлар;
- улы және тұншықтырғыш газдар;
- өндірістік шаң;
- жеткіліксіз жарық;
- өндірістік діріл;
- радиоактивті бөлінулер және т. б.

1 Кесте – Өндірістегі қауіпті зиянды факторлардың жіктелуі

Физикалық факторлар	Химиялық факторлар	Биологиялық факторлар	Психофизикалық факторлар
Машиналардың қозғалатын бөліктері, шаң, шу, діріл, ылғалдылық, электр кернеуі, жарықтың жетіспеушілігі, өткір заттар және т. б.	Адам ағзасына әсер етуіне байланысты бөлінеді: улану, жүйкеге-әсер ететін, тыныс алу мүшелеріне әсер ететін, тітіркендіретін және т. б.	Патогенді микроорганизмдер, бактериялар, вирус, таз ауруы және олардың өсіп келе жатқан бөлшектері жаттады.	Адам ағзасына әсері бойынша: а) физикалық жұмыс-шарша, б) жүйкенің шаршауы, в) ақыл-ойдың көп мөлшерде жұмыс істеуі.

2 Кесте – Өндірістегі қауіпті және зиянды факторлар

Қауіпті және зиянды факторлар	ШРД-ден асып кеткендер саны	Адам ағзасына әсері бойыншы	Алдын-алу іс шараларын жасау
Шу	5	Тыныс жолдарына әсер етуі, өкпе ауруларына әкеліп соғуы.	Желдеткіш техникаларды қойу, жеке қорғаныс құралдары, респираторлар.
Діріл	4		
Шаң	3		
ЭМӨ	2		

2.1. Өндіріс қызметкерлеріне арнайы санитарлық-гигиеналық жұмыстары.

«Базис А» компаниясындағы қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға бағытталған санитарлық-гигиеналық және ұйымдастырушылық іс-шаралар. Бұл іс-шараларды қамтамасыз ету кәсіпорындар мен ұйымдардың әкімшілігіне жүктеледі. Олардың орындалуын бақылауды мемлекеттік қадағалау органдары мен кәсіподақ ұйымдары жүргізеді.

Медициналық алдын алу шаралары — алдын-ала медициналық тексерулер жүргізу. Мерзімдік медициналық тексерулер 12 айда 1 рет өткізіледі, жұмыс орнына киетін арнайы аяқ киімдермен қолғаптар жуынатын

арнайы заттар беріледі және киімдерін апта сайын жуылып отырады және жатақханадағы гигиеналық жұмыстар жүргізіледі аптасына 2 мезгіл өтіледі.


Жеке бас гигиенасымен жұмыс орнындағы тазалақты сақтау әрбір жұмысшының мінеттерінің бірі.

Өндірістік жұмысшылар өндірісте жеке гигиенаға және жұмысшылардың дұрыс тамақтануына аса зор назар аударған. Өндіріс орнында, жұмыс орнында санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес норма бекітіледі және осы талаптарға сәйкес жұмыскерге арнайы қолайлы жұмыс жағдайы жасалады, шаң, шу, діріл ауадағы тозаң мөлшері реттеледі. Мекеме ішіндегі жарықтандыру табиғи және жасанды немесе екі жағдайда қарастырылған аралас жарықтандыру жаттады.

Өндіріс алаңын шудан және шаңнан қорғайтын құралдар орналастыру керек, компания белгіленген нормаларға сай жұмысшыларды өндірістік факторлардан қорғауда қажетті санитарлық-гигиеналық шарттармен, құралдарын профилактикалық өңдеу жуу және зарарсыздану құралдарымен, медициналық дәрі-дәрмек қобдищасымен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар жұмыс орнында зиянды заттар әсер етсе, белгіленген нормаға сәйкес жуып тазартатын не зарарсыздандыратын құралдар беріледі. Қандай да бір індет пайда болған болса тазарту жұмыстары жүргізіледі және жұмысшыларды карантинге жатқызады. [3]

3. «Базис А» компаниясының жұмысшыларының жұмыс режимі.

Өндіріс орындағы жұмысшылардың жұмыс істеу уақыты 8 сағаттық жұмыс кезінде жұмысшыларға белсенділігін төмендетпеу үшін арнайы демалыс ұйымдастыру керек.



1 Диаграмма – Жұмысшылардың 8 сағаттық жұмыс кезіндегі демалыс уақыттары.

Жұмыс уақыты негізінен сағат таңғы 9-10-нан басталып 18-19-ге дейін созылады. Мекемеде кешкі аусымдағы жұмысшыларға арнайы демалыс

уақыттары қарастырылған, сонымен қатар кешкі аусымдағы жұмысшыларға күндізгі ауысымға қарағанда түнгі аусымға 1,5 есе ақша берілуі керек.

12 сағаттық жұмыс уақыты кезінде 3сағат көлемінде демалыс уақыты берілуін қадағалау керек әр 4 сағаттан кейін 1сағат көлемінде демалыс алып отырады.

Бес күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) ұзақтығы 40 сағат болғанда 8 сағаттан, апталық норма 36 сағат болғанда 7 сағаттан 12 минуттан аспауға тиіс;

алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) ұзақтығы: жұмыс уақытты 40 сағат болғанда - 7 сағаттан; апталық норма 36 сағат болғанда - 6 сағаттан және т. б. аспауға тиіс. [4]



Шартты белгілер:

- күндізгі кезекшілік сағат 8.00-ден сағат 20.00-ге дейін
- түнгі кезекшілік сағат 20.00-ден сағат 8.00-ге дейін

4 Сурет –Түнгі аусымдағы жұмыс уақыты.

3.1.Өндірістегі еңбек ауырлығының категориясын анықтау

Еңбек ауырлығының категориясын анықтау

Қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етумен байланысты мәселелермен еңбекқорғау мен техника қауіпсіздігінің бөлімдері айналысады. Осы бөлім өндірістік сәтсіз жағдайлардың, кәсіби аурулардың, апаттардың, жарылыстардың, өрттердің туындау мүмкіндіктерін анықтаумен және зерттеумен айналысады, осы себептердің алдын алу мақсатында және адамдар үшін қолайлы әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында талаптар мен іс-шаралар жүйесін өңдейді. Сонымен қатар ауқымды әлеуметтік тиімділік арқылы белгілі-бір экономикалық тиімділікке қол жеткізіледі.

Адам еңбек ету барысында еңбек бұйымдарымен, саймандарымен және басқа да адамдармен әрекетке түседі. Содан бөлек адамға жұмыс барысындағы өндірістік жағдайлардың әр-түрлі параметрлері әсер етеді.

Осының барлығының жиыны адамның денсаулығына, еңбек қабілеттілігіне және адамның еңбекке деген көзқарасы мен еңбекнәтижесіне әсерін тигізетін әсер ететін белгілі-бір еңбек жағдайларын сипаттайды. Нашар еңбек жағдайларында еңбек өнімділігі бірден төмендейді және жарақаттар мен кәсіби аурулардың туындау мүмкіндіктері пайда болады. Тәжірибеде қажетті дәлдікте еңбек жағдайларының барлық элементтерінің әсерін ескеретін осындай көрсеткіштер ретінде – еңбек ауырлығының көрсеткішін қарастырамыз.

Қолайлы дәлдік балымен еңбек ауырлығын интегралды бағалау (2) өрнектің көмегімен анықталады:

$$I_T = \left(X_{БКФ} + \sum_{c=1}^{n-1} X \frac{6-X_{БКФ}}{c(n-1)} \right) \times 10 \quad (2)$$

мұндағы I_T – жұмыс орнындағы еңбек ауырлығының интегралды бағасы;
 $X_{БКФ}$ – баллдық көрсеткіш бойынша ең көп бағаланатын фактор;

$\sum_{c=1}^{n-1}$ - $X_{БКФ}$ көрсеткішісіз биологиялық маңыздылығы бар факторлардың

балдық соммасы (еңбек жағдайларының элементтері);

n – өндірістік факторлар саны.

Санитарлық-гигиеналық факторлар, баллдық көрсеткіш:

- жұмыс орнындағы ауа температурасының тиімділігі

- эквиваленттік температура, °С - 4 балл;

- технологиялық үрдістің қауіптілігі - 5 балл;

- қауіпті және зиянды өндірістік факторлар - 5 балл.

Психофизиологиялық факторлар:

- жұмыс ауысымындағы физикалық, динамикалық жүктемелер, Дж - 5 балл;

- жұмыс барысындағы дене тұрысы мен кеңістіктегі қозғалысы - 5 балл.

$$I_T = \left(6 + \frac{4 + 5 + 5 + 5 + 5}{5} \times \frac{6 - 5}{5} \right) \times 10 = 60,0$$

Базис өндірістік кешені 6-ыншы ауырлық категориясына жатады. Бұл кері әсер етуші факторлардың әсерінен сау адамдардың өзіндеде шектік ахуалды туындатуы мүмкін жұмыстар. Сонымен қатар, әсіресе жұмыс аралықтарының (ауысым, апта) соңында көптеген физиологиялық көрсеткіштер нашарлайды. Өндірістегі және кәсіби аурулармен ауырып бастайтын әдетті белгілер байқалады.

Еңбек жағдайларын жақсарту кезіндегі жұмыс қабілеттілігін арттыру арқылы еңбек өнімділігінің өсу мүмкіндіктері 3-кестеде көрсетілген.

Еңбек жағдайларын жақсартқанға дейін өндіріс орындарындағы еңбек ауырлығы 6 категорияда болған, ал еңбек жағдайларын жақсартқаннан кейін – бесінші категория болды, жұмыс қабілеттілігінің артуы – 26,0% құрады.

Осы жағдайдағы еңбек өнімділігінің арту мүмкіндігі келесі өрнек (3) бойынша анықталады:

$$\Delta\Pi_T = \left(\frac{K_{ЕЖД2}}{K_{ЕЖД1}} - 1 \right) * 100K \quad (3)$$

мұндағы $\Delta\Pi_T$ – еңбек өнімділігінің арту мүмкіндігі, %;

$K_{ЕЖД1}$ және $K_{ЕЖД2}$ – еңбек жағдайларын жақсартқанға дейінгі және кейінгі жұмыс қабілеттілік көрсеткіші;

